- Послабте гвинти (див. Рис. 13) та відсуньте напрямні блоки від полотна.
- Послабте гвинти із внутрішнім шестигранником та налаштуйте нижню підпору таким чином, аби задня частина полотна знаходилася на відстані 0,05 мм від підшипника.
- Затягніть гвинти з внутрішнім шестигранником.
- Відрегулюйте напрямні блоки з боків пилки.
- Відстань між блоками та пилкою повинна бути 0,05 мм. Використовуйте калібр товщини, аби перевірити відстань між блоками та пилкою.
- Зафіксуйте налаштування, затягнувши гвинти.




Рис. 13

5.5 Виставлення рівня

- Забороняється проводити налаштування в увімкненому верстаті.
- Використовуйте косинець для точного виставлення кута між столом та полотном в 90°.
- Косинець повинен знаходитись близь-

ко до полотна.

- Увімкніть верстат, дотримуючись обережності.

5.6 Налаштування кута нахилу столу

- Робочий стіл повинен мати нахил від 0° до 45° вправо.
- Поверніть важіль фіксації нахилу проти годинникової стрілки.
- Прокручіть ручку регулювання нахилу столу до тих пір, доки покажчик не досягне потрібного значення кута на шкалі.
- Поверніть важіль фіксації нахилу столу для затиску столу в обраному положенні (Рис. 14).



Рис. 14

Перевірка:

- Перевірте шків вручну та перевірте зроблені налаштування.
- Увімкніть верстат, дотримуючись обережності.

Встановлення заготовки:

- Виставте верхню напрямну полотна на відстань приблизно 0,5 мм від заготовки (Рис. 15).




Рис. 15

- Для вашої безпеки завжди виставляйте верхню напрямну пилки якомога ближче до заготовки

6. Технічне обслуговування



Примітка

- Роботи по встановленню та налаш-

туванню можуть проводитися тільки після захисту верстата від випадкового увімкнення – висмикніть вилку із розетки.

- Ремонтні роботи та обслуговування електричного вузла верстата можуть здійснюватися тільки кваліфікованими електриками.
- Регулярно очищуйте верстат.
- Щоденно перевіряйте справність пристрою для усунення пилу.
- Після закінчення чистлення, ремонту або обслуговуючих робіт усі захисні пристрої та огорожі слід негайно встановити на верстат.
- Несправні захисні пристрої слід негайно замінити.
- Регулярно перевіряйте напругу полотна. Послабте напругу полотна, якщо верстат довгий час не використовується.
- Регулярно перевіряйте налаштування напрямних пилки.
- Регулярно перевіряйте пилки на наявність пошкоджень.
- Несправні пилки повинні бути негайно замінені.

Для очищення шківів:

- Гумову шину шківів треба регулярно очищувати.

Для натягнення ремня:

- Відключіть верстат від електромережі.

Вкладень столу:

- Замініть зношений вкладень.
- Вкладень не повинен виступати над поверхнею столу.
- Вкладень столу повинен бути виготовлений з відповідного матеріалу (наприклад, дерево, пластик, алюміній).

Стрічкові полотна:

- Обслуговування полотен повинно проводитися тільки навченим персоналом.
- Використовуйте тільки гострі та правильно встановлені полотна.

7. Усунення несправностей

Двигун не вмикається

- *Немає струму – перевірте електромережу та запобіжник.
- *Несправний вимикач, двигун, електрошнур – зверніться до електрика.

Надмірна вібрація верстата

- *Верстат встановлений на нерівній поверхні – відрегулюйте положення верстата.
- *Скупчення пилу на шківів – очистіть шківів.
- *На полотні є тріщини – негайно замініть його.

Пропилювання не прямокутної форми

- *Стіл встановлений неправильно.
- *Напрямні пилки встановлені неправильно.

Низька якість обробної поверхні

- *Використовується не відповідне полотно.
- *На полотні залишилася смола.
- *Полотно затупилося.
- *Напрямні пилки встановлені неправильно.
- *Натягнення полотна занадто слабке.
- *Заготовка має неоднорідну структуру.
- *Занадто сильний тиск при подачі заготовки – не тисніть занадто сильно.

Лампа не працює

- *Лампа несправна – замініть лампочку

8. Захист навколишнього середовища

- Захищайте навколишнє середовище.
- Верстат містить цінні матеріали, котрі можуть бути відновлені або утилізовані. Будь ласка, утилізуйте верстат у спеціально призначених місцях.



9. Приладдя, що постачається

10. Безпечна експлуатація



Дивіться додаток А нижче:

- A.1.: Виконання глибоких пропилювань
- A.2.: Виконання діагональних пропилювань
- A.3.: Пиляння шипів
- A.4.: Пиляння клинів
- A.5.: Пиляння по дузі
- A.6.: Випилювання арки
- A.7.: Пиляння по шаблону
- A.8.: Виконання круглих вирізів
- A.8.1 Виконайте налаштування без заготовки
- A.8.2 Встановіть заготовку
- A.8.3 Почніть обробку


А.1: Виконання глибоких пропилювань




А.2.: Виконання діагональних пропилювань




А.3.: Пиляння шипів




А.4.: Пиляння клинів




А.6.: Випилювання арки



А.5.: Пиляння по дузі




А.7.: Пиляння по шаблону




А.8.: Виконання круглих вирізів


А8.1 Виконайте налаштування без заготовки



А8.2 Встановіть заготовку



А8.3 Почніть обробку



Құрметті сатып алушы!

- Сіздің бізге білдірген сеніміңізге және JET маркасының станогын сатып алғаныңызға үлкен рахмет!
- Осы нұсқаулық ленталы аралы станок JWBS— 9X иелері мен қолданушыларына арналып құрастыру, жұмыс істеу және техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жасалынды.
- Өтінеміз, нұсқаулық пен қосымша құжаттардағы ақпаратты мұқият оқып түсініп алыңыз.
- Станокты мейлінше ұзақ пайдаланылуы мен жоғары өнімділігі үшін нұсқаулықпен мұқият танысуға және оның ережелерін қатаң сақтауға кеңес береміз.

Мазмұны

1. Аралау кезіндегі қауіпсіздік техникасы

- Пайдалануға рұқсат
- Қауіпсіздік ережелері
- Қосымша қауіптер

2. Сипаттама

- Техникалық сипаттамалар
- Дыбыстың деңгейі
- Жеткізілетін жиынтық
- Станок сипаттамасы

3. Тасымалдау және іске қосу

- Тасымалдау және құрастыру
- Монтаждау
- Электр тоғына жалғау
- Қиымдар мен шаңды сору
- Іске қосу

4. Станокпен жұмыс істеу

5. Құру және баптау

- Аралау кенебін ауыстыру
- Ара жүрісін баптау
- Ара кенебін бағыттаушыны баптау
- Аралау кенебін қаттап жинау
- Жұмыс үстелінің көлбеу бұрышын баптау
- Көлбеу шкаласын қолдану

6. Техникалық қызмет көрсету

7. Ақауларды жою

8. Қоршаған ортаны қорғау

9. Жеткізіп берілетін қосымша заттар

10. Қауіпсіз қолдану

Нұсқауда маңызды мәліметке назар аудару үшін келесідей белгілер қолданылған:



Назар аударыңыз!
Қауіп туралы ескерту



Ескерту
Маңызды қосымша мәлімет



Жалпы ережелер
Барлық нұсқаулар мен ережелерді оқыңыз

1. Аралау кезіндегі қауіпсіздік техникасы

1.1. Дұрыс пайдалану

- Станок қатты пластиктер мен орман өнімдерін және басқа да ағаш өнімдерін аралау үшін құрастырылған.
- Осы станокта басқа материалдарды өңдеуге болмайды. Кейбір жағдайларда бұны тек компания өкілдерімен кеңескеннен кейін ғана жүзеге асыруға болады.
- Металл дайындамаларды өңдеуге тыйым салынады.
- Дайындама қауіпсіз бекітілген және орнатылған болуы керек.
- Станокты дұрыс пайдалану үшін осы нұсқаулықтың ережелерін сақтау қажет.
- Станокты тек оның жұмысы, техникалық қызмет көрсетуі және мүмкін болар қауіп қатерлер туралы ескертілген тұлғалар қолдануға рұқсат етіледі.
- Станокты пайдалануға белгіленген жас мөлшерінен кіші тұлғалар жіберілмейді.
- Станокты тек техникалық дұрыс жағдайында қолданған жөн. Станокта жұмыс жасаған кезде барлық қорғаныс заттары мен қақпақтар бекітілуі керек.
- Осы нұсқаулықта қамтылған қауіпсіздік бойынша талаптар мен мемлекеттік ережелерге қосымша, ағаш өңдейтін станоктармен жұмысқа қатысты қабылданған жалпы ережелермен де танысқан жөн.
- Тауар талаптарға сай қолданылмаған жағдайда өндіруші жауапкершіліктен бас тартады және оны тек қана тұтынушыға береді.

1.2 Қауіпсіздік ережелері

- Ағаш кесетін станоктарды белгіленуі бойынша пайдаланбаса қауіпті болуы мүмкін.
- Сондықтан келесі төменде жазылған ережелермен қатар, қауіпсіздік техникасының жалпы ережелерін сақтаған жөн.
- Станокты құру мен жұмыс істемес бұрын нұсқаулықтың мазмұнын оқып

шығып, оны түсініп алыңыз.

- Нұсқаулықты ылғал мен лас жерден қорғалған жерде станоктың қасында сақтаңыз және келесі тұтынушыға беріңіз.
- Станокта қандай да бір өзгертулер жасауға тыйым салынады.
- Станокпен жұмыс жасамас бұрын күн сайын қорғаныш тетіктер мен олардың қызметін тексеріңіз.
- Одан басқа жағдайларды станокпен жұмыс істеуге тыйым салынады, оны электр желісінен суырып тастаңыз.
- Жеңдері кең киімдерді шешіп, шашыңызды жинаңыз.
- Жұмысты бастамас бұрын галстук, сақина, қолсағат және тағы басқа әшекейлерді шешіп қойыңыз, жеңді шынтақтан жоғары етіп түріңіз.
- Қауіпсіз аяқ киім киіңіз, шөркей мен жеңіл аяқ киім киюге тыйым салынады.
- Жұмыс істеген кезде әрдайым:
 - қорғаныс көзілдіріктерін,
 - құлақты сақтайтын немесе дыбысты оқшаулайтын құлақшындар,
 - респираторлар немесе шаң тозаңнан сақтайтын құрылғылар киіп алыңыз.
- Станокпен жұмыс істеу кезінде қолғап киюге тыйым салынады.
- Егер аралау лентасын қолға алу керек болса үнемі қолғап киіңіз.
- Станок тоқтау уақытының 10 секундтан жоғары болмауын қадағалаңыз.
- Өңдеу кезінде цилиндрлік дайындама айналып кетпейтіндей боп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Ұстап тұру қиын болған дайындамалар үшін үстелдің ұзартылған бөлігін немесе қосымша сүйеніш қолданыңыз.
- Аралау кенебінің жоғарғы бағыттаушысын неғұрлым дайындамаға жақын орналастыруға тырысыңыз.
- Егер жұмыс үстелі көлбеу болса, тірек қолданыңыз, оны тек үстелдің астыңғы жағына бекітіңіз.
- Станок жұмыс істеп тұрған кезде дайындаманы әрдайым қауіпсіз тәсілмен бағыттап бекітіңіз.
- Қысылған немесе кесілген дайындамаларды тек қозғалтқыш сөніп тұрған кезде және станок толық тоқтағанда ғана алыңыз.
- Станокты дайындаманы бекіту мен қауіпсіз жұмыс істеуге жеткілікті орын қалатындай етіп орнатыңыз.
- Станоктың жұмыс істеу аймағы жақсы жарықтанған болуы керек.
- Станок жабық тұрғынжайда қолдануға жобаланған және ол тегіс, берік және қатты бетке орнатылуы керек.
- Электр қоректендіру сымының жұмыс пен адамдардың жүріп тұруына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.

- Станок жанындағы еденді таза ұстаңыз, оның бетінде ешқандай қималар мен майлар болмауы керек.
- Қырағы болыңыз!
- Өте мұқият болыңыз.
- Шектен шықпаңыз.
- Денеңіз эргономикалық қалыпта болсын.
- Әрдайым теңгерімді қалыпта тұрыңыз.
- Егер шаршасаңыз станокта жұмыс істемеңіз.
- Егер сіз ішімдік, есірткі, не дәрі қабылдаған болсаңыз станокта жұмыс істемеңіз. Дәрілердің сіздің мінез құлқыңызға әсер ететінін есте сақтаңыз.
- Жұмыс аймағынан балалар мен бөтен адамдарды алшық ұстаңыз.
- Станок толық тоқтамаса немесе жұмыс істеп тұрса станоктың ішкі бөліктеріне қол тигізуге тыйым салынады.
- Жұмыс істеушіге станокты қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Жұмыс орнынан кетпес бұрын құрылғыны сөндіріңіз.
- Станокты тұтанғыш сұйықтық пен газ жанында қолданбаңыз.
- Өрт туралы хабарлама мен өрт сөндіру әдістерімен танысыңыз, өрт сөндіргіш құралдың орны мен жұмыс істеу қағидаларын зерделеңіз.
- Станокты ылғалды ортада және жаңбырдың астында пайдаланбаңыз.
- Ағаш қиқымдары өрт төндіру қауіпі бар және денсаулыққа зиянын тигізуі мүмкін.
- Ағаш қиқымдарының кейбір түрлері, атап айтқанда, тропикалық ағаштардың, сонымен қатар бүк және емен сияқты қатты ағаштардың қиқымдары канцерогенді заттар деп саналады.
- Әрқашан шаң жинау үшін тиісті құрылғыны қолданыңыз.
- Өңдеу алдында дайындамадан шегелер мен басқа да заттарды алып тастаңыз.
- Жіңішке дайындаманың ұштарын өңдеген кезде әрдайым итергішті қолданыңыз.
- Станоктың жанында пайдаланылмаса да әрдайым итергіш немесе ұстағыш дайындап тұрыңыз.
- Дайындаманың ең кіші және ең үлкен өлшемдері бойынша техникалық талаптарды сақтаған жөн.
- Станок толық тоқтамайынша ағаш қиқымдары мен дайындама бөліктерін алып тастамаңыз.
- Қорғаныс қоршаулары жоқ станокпен жұмыс істеуге тыйым салынады – жарақаттанудың үлкен қауіпі бар.

- Станоктың үстіне тұрмаңыз.
- Электр құрылғысын қосу және жөндеу тек білікті электриктермен жасалуы тиіс.
- Зақымдалған немесе тозған кабельді дереу ауыстыру керек.
- Станокқа қызмет көрсету мен баптаудың алдында оны электр желісінен ажыратқан жөн.
- Ақауы бар аралау кенептері дереу жойылулары керек.

1.3 Басқа қауіптер

- Сланокты ережелерге сай қолданған күннің өзінде кейбір қауіптер сақталады.
- Жұмыс аймағындағы қозғалып тұрған ара зақым келтіруі мүмкін.
- Сынған ара жарақаттауы мүмкін.
- Ұшып кеткен дайындама жарақаттауы мүмкін.
- Ағаш қиқымдары денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Міндетті түрде қорғаныс көзілдірігі, естуді қорғау құралдары, шаңнан қорғайтын тетіктер секілді жеке қорғаныс заттарын пайдаланыңыз.
- Шаңды сородың сәйкес тәсілдерін пайдаланыңыз.
- Электр желісіне дұрыс қосылмау мен зақымдалған шнур тоқ соғу зардабына әкелуі мүмкін.

2. Сипаттама

2.1 Техникалық сипаттамалар

Шкивтердің диаметрлері	240 мм
Дайындаманың ең үлкен ені (қаңқауға дейін)	230 мм
Дайындаманың ең үлкен биіктігі	80 мм
Аралау кенебінің өлшемі	1575x6,3 x0,35 мм-6TPI
Аралау кенебінің ені	3-10 мм
Аралау кенебінің жуандығы	0,3-0,4 мм
Кесу жылдамдығы	660 м /мин
Үстел өлшемі (Д/Ш)	мм
Үстел көлбеуінің ауқымы	0°-45°
Тарту штуцерінің диаметрі	53 мм
Габаритті өлшем (ШхГхВ)	520x500x740 мм
Салмағы	20 кг
Электр қоректену	220 В – 1 L/N 50-60 Гц
Энергияны тұтыну	350W S1
Тоғы	1,6 А
Ұзартқыш (H07 RN -F)	3x1,5 мм ²
Сақтандырғыш	10 А
Станоктың галогенді шамы	12В 21Ватт



Ескерту

- Осы нұсқаулықтың спецификациясы жалпы ақпарат болып табылады.
- Шығарушы станоктар құрылымына өзгерістер енгізу құқығына ие, бұл құрылғының техникалық сипаттамасының, оның стандартты жиынтығының, қосымша бөлшектері мен сыртқы түрінің өзгеруіне әкеледі.
- Сатып алушы құрылғыны баптау, реттеу, дайындау, техникалық қызметтерін өзі жүзеге асырады.

2.2 ДЫБЫСТЫҚ ЭМИССИЯ

(Жол берілетін ауытқушылық 4дБ)
Буктан жасалған сыналатын дайындаманың өлшемі: 20мм
Дыбыс күшінің деңгейі (EN ISO 3746 сәйкес)

Бос жүріс: LwA 80 дБ(A)

Жұмыстық жүріс: LwA 93.6 дБ(A)

Дыбыс қысымының деңгейі (EN ISO 11202 сәйкес)

Бос жүріс: LpA 74.7 дБ(A)

Жұмыстық жүріс: LpA 87.2 дБ(A)


- Келтірілген мәндер шығатын дыбыс деңгейіне қатысты және қауіпсіз жұмыс істеу үшін қажетті болып табылмайды.

- Осы ақпарат операторға қауіпті төмендетуге мүмкіндік береді.

2.3 Жеткізілетін жиынтық

- Жұмыс үстелі
- Тірек
- Көлбеу шкаласы
- Станоктың шамы
- Тартатын штуцер Ø 57 мм
- Жиынтыққа арналған комплект
- Ленталы кенеп
- Қосалқы тірек
- Пайдалану бойынша нұсқаулық
- Бөлшектердің тізімі


3.4 Станоктың сипаттамасы



Сур. 1

- A - Кенептің созылуын реттейтін тұтқа
- B - Үстіңгі бақылау терезесі
- C - Кенептің үстіңгі бағыттаушысының реттегіш тұтқасы
- D - Жарықшам
- E - Араның жоғарғы қорғаныс қоршауы
- F - Тірек
- G - Ленталы кенеп
- H - Көлбеу шкаласы
- I - Кенепті тарту иінтірегі
- J - Үстел
- K - Ара жүрісін реттеу тұтқасы
- L - Кенеп бағыттаушысының бекіткіші
- M - Қосу/ сөндіру тетігі

N - Қозғалтқыш байлауы
O - Қосалқы тірек
P - Тарту штуцері
Q - Үстелдің көлбеу бұрышын реттеу тұтқасы



Сур. 2

3. Тасымалдау және іске қосу

3.1 Тасымалдау және орнату

- Станокты тасымалдау үшін авто жүк тасығыш немесе қол арбаларын пайдаланыңыз.
- Станок жабық тұрғынжайда жұмыс істеуге арналған. Оны тегіс көлденең бетке орнату керек.
- Қажет болған жағдайда станокты бұрандамалармен негіздемеге бекітуге болады.
- Тасымалдауға қолайлы болу үшін станок бөлшектенген.

3.2 Құрастыру

- Тасымалдау кезінде қаптамадан алу кезінде зақымданған жері болса бұл туралы Сатушыға жедел хабарлаңыз.
- Станокты іске қоспаңыз!
- Қаптамадан экологиялық тәсілмен құтылыңыз.
- Каррозияға қарсы құралмен қорғалған барлық беттерді әлсіз ерітіндімен тазартыңыз.

Резеңке табандарды орнату

- Жұмысты бастамас бұрын төрт резеңке аяқтарды станок негіздемесінің бұрыштарындағы тесіктерге бұрандамалар (M6x30), үлкен тығырықтар 6 мен сомындардың (M6) көмегімен суретте көрсетілгендей етіп орналастырыңыз (A, сур. 3).



Сур. 3

Қосымша сүйенішті орнату

- Қосымша сүйенішті негіздеменің екі жағында орналасқан екі саңылауға орнатыңыз.
- Негіздеме мен сүйеніштің саңылауларын біріктіріңіз.
- Сүйенішті екі бұрандама және сомындар көмегімен бекітіңіз (сур. 4).



Сур. 4


Жұмыс үстелін бекіту

- Үстелдің алдыңғы жиегіндегі саңылаудан бұрандама мен қосқұлақ сомынды алып тастаңыз (сур. 5).



Сур. 5

- Үстелдің ойылған жерінен аралау кенебін жаймен өткізе отырып үстелді бекітіңіз (сур. 6).



Сур. 6

- Станок қаңқасынан реттегіш тұтқаны алып тастаңыз.
- Үстелді қаңқаға орнатыңыз. Реттегіш тұтқаны қайта орнатыңыз.
- Көлбеу бұрышын бекіткіштің көмегімен үстелді дұрыс орнатыңыз.
- Бұрыш өлшегішті қолдана отырып үстелді кенепке перпендикуляр етіп орналастырыңыз. Қажет болса үстел тірегін реттеңіз.
- Көрсеткішті нөл градусқа келтіріңіз.
- Үстелдің алдыңғы жиегіндегі саңылауға бұрандама мен қосқұлақ сомынды орнатып тартыңыз (сур. 7).



Сур. 7

Тіректі орнату

- Тірек бекіткішін жоғары көтеріңіз.
- Тіректі үстелге бекіткіш үстелдің алдында орналасатындай етіп орналастырыңыз.
- Үстелдегі тіректі бекіту үшін бекіткішті босатыңыз.
- Тіректің орнын ауыстыру үшін бекіткішті көтеріп, тіректі қажетті жағдайға қозғаңыз. Тіректі бекіту үшін бекіткішті түсіріңіз (сур. 8).



Сур. 8



Назар аударыңыз!

Ешқашан көлбеу мен тіректі бір мезгілде қолданбаңыз. Аралау кенебі дайындамада қысылып қалуы мүмкін. Оператор жарақат алуы мүмкін немесе кенеп зақымдануы мүмкін.

3.3 Электр желісіне қосу

- Станоктың электр кабелі және кез келген ұзартқыштар келесі нормаларға сай келетін болуы керек:
- Желінің кернеуі құрылғы тақтайшасындағы талаптарға сай болуы шарт.
- Электрқосылуда 10 А ға қорғаныс сақтандырғыштар болу керек.
- Тек H07RN-F маркалы желілік сымды қолданыңыз.
- Электр желісіне қосу және жөндеу жұмыстарын жүргізу тек білікті электрик мамандарға ғана рұқсат етіледі.

3.4 Тарту құрылғысына қосу

- Жұмыс бастамас бұрын станок тартқыш құрылғыға қосылуы керек.
- Тартқыш құрылғы станокты іске қосқан кезде автоматты түрде іске қосылуы керек (сур. 9).



Сур. 9

3.5 Іске қосу

- Станок жасыл тетікті басу арқылы іске қосылады.
- Станок жарықшамы қозғалтқыш іске қосылған сәтте автоматты түрде қосылады.
- Қызыл тетік станок жұмысын тоқтатады.

4. Станокта жұмыс істеу

- Дұрыс жұмыс жағдайы
- Станокқа қарама қарсы аралау бағытында тұрған жөн.
- Дайындаманы өңдеу:
- Қолдарыңызды дайындама үстіне кесу аймағынан шеткі жағына орналастырыңыз.
- Дайындаманы ленталы кенептің бағытына қарай қозғаңыз және дайындаманы айналдыра отырып кесу сызығының бойымен жүргізіңіз.
- Дайындаманы тоқтамастан алдыға қарай жылжытыңыз; кесуді бір ғана қимылмен аяқтаңыз.
- Дайындаманы кері тартпаңыз, себебі аралау кенебі бағыттаушылардан тайып кетуі мүмкін.
- Ұзын және жалпақ дайындамаларды станокқа орналастыру үшін аунақшалы тіректер қолданыңыз.

Станокпен жұмыс жасауға кеңестер:

- Тек өткір және түзетілген аралармен жұмыс істеңіз.
- Кесу аймағының маңайында дайындаманы беру үшін итергіш пайдаланыңыз.
- Кішкентай және жіңішке дайындамаларды беру үшін арнайы итергіш қолданыңыз.
- Кесу күшінің әсерінен дайындама домалап кетпес үшін арнайы сына қолданыңыз.
- Станоктың мақұлдаған пайдалануы үшін «Қауіпсіз қолдану» А қосымшасын (осы нұсқаулықтың соңғы беттерінде берілген) оқып алған жөн.

- A.1.: Терең аралауларды жасау
- A.2.: Диагональды аралауды жүзеге асыру
- A.3.: Керткітерді аралау
- A.4.: Сыналарды аралау
- A.5.: Доға бойынша кесу
- A.6.: Арканы аралап кесу
- A.7.: Үлгі бойынша аралау
- A.8.: Дөңгелек кесулерді жасау
- A.8.1 Дайындамасыз баптау жұмыстарын жүргізіңіз
- A.8.2 Дайындаманы орнатыңыз
- A.8.3 Өңдеуді бастаңыз

5. Бекіту және бапқа келтіру

Ескертпе:

- Бекіту мен бапқа келтіру жұмыстарын тек станокты электр желісінен ағытқан соң жасауға рұқсат беріледі (ашаны розеткадан алып тастаңыз).

5.1 Аралау таспасын ауыстыру

- Аралау таспасы техникалық талаптарға сай болуы керек.
- Жұмыстың дәл осы түрі мен осы дайындамаға сай келетін кенеп таңдап алыңыз.
- Биік дайындамаларды ұзына бойы аралау үшін: ірі тістері бар жалпақ аралар қолданыңыз (мысалы, 10 мм)
- Жіңішке қисық сызықты аралау үшін жіңішке аралар қолданыңыз. (мысалы, 3 мм)
- Орнатпас бұрын кенептің ақауларын тексеріп алыңыз (жарықтар, сынған тістер, майысқан жерлер). Түзетілмеген араны қолданбаңыз.
- Араның тістері аралау бағыты бойынша орналасуы керек. (астына қарай)
- Аралау лентасын орнатқанда қолыңызға әрдайым қолғап киіңіз.
- Аралау кенебін тек қана станокты электр желісінен алып тастағасын ауыстыруға болады!

5.2 Аралау кенебін қалай жинап қаттауға болады

- Кенепті бір қолыңызда ұстаңыз.
- Кенеп тігінен салбырап тұруы керек, кенепті еденде аяғыңызбен ұстап тұрыңыз.
- Кенепті еденге қалай қаттап жатқаныңызға орай қолыңызбен 360° (толық айналым) бұрылыс жасаңыз.

5.3 Кенеп жүрісін реттеу




Назар аударыңыз!

Іске қосылып тұрған станоктағы кенеп жүрісін реттеуге тыйым салынады.

- Станокты электр желісінен ажыратыңыз.
- Аралау кенебінің жүрісін тексеру үшін шкивті сағат тілінің бойымен қолмен айналдырыңыз. Көрсеткіш терезісіндегі жүрісті бақылаңыз.
- Жетекші және көрінетін шкив тегістелген кезде аралау кенебінің жүрісі де дұрысталады.
- Қаңқаның артқы бөлігіндегі реттегіш тұтқа жоғарғы шкивтің көлбеу бұрышын өлшеу мен ленталы араның жетекші шкивін тегістеу үшін пайдаланылады.
- Егер ара станок корпусының шетіне қарай қозғалса, тұтқаны сағат тілінің бойымен бұрыңыз. Егер ара станок корпусына қарай қозғалса, тұтқаны сағат тілінің бойына қарсы бұрыңыз.
- Ара қозғалысы ретке келген кезде, сомынды тартып, баптауды белгілеп қойыңыз. Сур. 10 және сур. 13 қараңыз.

5.4 Кенептің бағыттаушысын реттеу


- Кенептің бағыттаушысын реттеуді станок жұмыс істеп тұрған кезде жүзеге асыруға тыйым салынады.
- Шкив қақпағын ашыңыз.
- Үстіңгі бағыттаушыдан кенеп қақпағын алып тастаңыз.



Сур. 10

Үстіңгі бағыттаушы:

- Үстіңгі бағыттаушы шетте орналасқан тірекке арналған блоктар мен артқы тірекке арналған шарлы мойынтіректен тұрады.
- Бұрандаларды босатып, бағыттаушы блоктарды араның шет шетінен реттеңіз (сур. 10 және сур. 11 қараңыз).
- Блоктар мен кенептің ара қашықтығы 0,05 мм болуы керек. Блоктар мен аралау лентасының ара қашықтығын тексеру үшін қалыңдық калибрін пайдаланыңыз.
- Баптауды бұрандаларды бекіту арқылы белгілеңіз.
- Кенеп артындағы мойынтірек жағдайын реттеңіз. Бұл үшін ішкі алты қырлы кілтпен бұранданы босатып, мойынтірек білігін қажетті жағдайға орнын ауыстырыңыз (сур. 12 қараңыз).



Сур. 11

- Мойынтіректі кенептің артқы бөлігінен 0,05 мм ара қашықтықта болатындай етіп орналастырыңыз.
- Ішкі алты қырлы кілтпен бұрандаманы тартып мойынтіректің жағдайын бекітіңіз.
- Үстіңгі бағыттаушының биіктігін реттеңіз. Үстіңгі бағыттаушының тұтқасын дайындаманың беткі


қабатына 6 мм қалатындай етіп реттеңіз. Үстіңгі бағыттаушының тұтқасын тартыңыз.



Сур. 12

Астыңғы бағыттаушы:

- Астыңғы бағыттаушы шеткі тіректі бағыттауға арналған блоктар мен артқы тірекке арналған шарлы мойынтіректен тұрады.
- Бұрандаларды босатыңыз (сур. 13 қараңыз) және бағыттаушы блоктарды кенептен жылжытыңыз.
- Бұрандаларды ішкі алты қырлы кілтпен босатып, төменгі тіректі кенептің артқы бөлігі подшипниктен 0,05 мм ара қашықтықта болатындай етіп бапқа келтіріңіз.
- Бұрандаларды алты қырлы кілтпен тартыңыз.
- Бағыттаушы блоктарды араның шеттерімен реттеңіз.
- Блоктар мен араның ара қашықтығы 0,05 мм болуы керек.
- Блоктар мен ара арасындағы ара қашықтықты тексеру үшін қалыңдық калибрін қолданыңыз.
- Бұрандаларды тартып, баптауларды белгілеп алыңыз.



Сур. 13

5.5 Деңгейді белгілеп қою

- Станок жұмыс істеп тұрған кезде бапқа келтіру жұмыстарын жүзеге асыруға тыйым салынады.
- Үстел мен кенеп арасындағы нақты 90° бұрышты қою үшін бұрыш өлшегішті қолданыңыз.

- Бұрыштық өлшегіш кенепке таяу орналасуы керек.
- Станокты жайлап іске қосыңыз.

5.6 Үстел көлбеуінің бұрышын бапқа келтіру

- Жұмыс үстелі 0° тан 45° қа дейін оңға қарай көлбеу болуы мүмкін.
- Көлбеуді белгілеу иінтірегін сағат тіліне қарсы бұрыңыз.
- Үстелдің көлбеуін реттеу тұтқасын нұсқағыш талап етілген шкаладағы бұрышқа жеткенше бұрыңыз.
- Үстелді қысу үшін үстел көлбеуін реттеу иінтірегін тандалған жағдайда бұрыңыз (сур. 14).




Сур. 14

Тексеру:

- Шкивтерді қолмен бұрап жасалған баптауды тексеріңіз.
- Станокты абайлап қосыңыз.

Дайындаманы орналастыру

- Кенептің үстіңгі бағыттаушысын дайындамадан шамамен 0,5 мм ара қашықтықта қойыңыз (сур. 15).



Сур. 15

- Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін араның үстіңгі бағыттаушысын әрқашан дайындамаға жақын орналастырыңыз.

6. Техникалық қызмет көрсету



Ескерту

- Техникалық қызмет көрсету, тазарту және жөндеу толық электр желісінен ажыратылған станокта ғана жүргізіледі

- ашаны розеткадан алып тастаңыз.
- Электр бөлігінің техникалық қызметі мен жөндеуін тек қана білікті электрик жүргізе алады.
- Станокты жүйелі түрде тазартып тұрыңыз.
- Күн сайын шаңды тазарту құрылғысының дұрыстығын тексеріңіз.
- Барлық қорғаныс құрылғылары мен қоршауларды тазарту, жөндеу қызмет көрсету жұмыстарынан кейін бірден станокқа орнату керек.
- Түзетуге келмейтін қорғаныс құрылғыларын жедел ауыстыру керек.
- Кенептің тартылысын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Егер станок көп уақыт бойы қолданылмаса кенеп тартылысын босатыңыз.
- Араның бағыттаушыларының баптарын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.
- Аралардың ақауы бар жоғын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Тузеге келмейтін аралар жедел ауыстырылуы керек.

Шкивтерді тазарту үшін:

- Шкивтің резеңкелі шинасын жүйелі түрде тазартып тұру керек.

Белбеуді тарту үшін:

- Станокты электр желісінен ажыратыңыз.

Үстел ішпегі:

- Үстелдің ішпегі тозған жағдайда ауыстырыңыз.
- Ішпек үстелдің беткі қабатынан шықпауы керек.
- Үстел ішпегі арнайы келетін материалдан жасалуы керек. (мысалы, ағаш, пластик, алюминий).

Ленталы кенептер:

- Кенепке қызметті тек осыған үйретілген қызметкер жүзеге асыруы керек.
- Тек қана өткір және дұрыс орнатылған кенептерді қолданыңыз.

7. Ақауларды жою

Қозғалтқыш іске қосылмайды:

- Тоқ жоқ - электр желісі мен сақтандырғыштарды тексеріңіз.
- Сөндіргіш, қозғалтқыш не электр сымы зақымдалған - электриктің көмегіне жүгініңіз.

Станоктың шектен тыс дірілдеуі:

- Станок тұзу тұрған жоқ - станокты тегіс бетке қойыңыз.
- Шкивтерде шаң жиналған - шкивтерді тазалаңыз.
- Кенепте жарықтар бар - оны дереу ауыстырыңыз.

Аралау тікбұрышты емес:

- Үстел дұрыс орнатылмаған.

- Ара бағыттауыштары дұрыс орнатылмаған.

Өңделген беттің сапасы нашар:

- Сәйкес келмейтін кенеп қолданылады.
- Кенеп бетінде шайыр қалып қойған.
- Кенеп өтпей қалды.
- Бағыттаушы аралар дұрыс орнатылмаған.
- Кенеп тым әлсіз тартылған.
- Дайындаманың құрылымы біртекті емес.
- Дайындаманы берген кезде үлкен қысым түскен, қатты қысым түсірмеңіз.
- Шам істен шыққан.
- Шам жөндеуге келмейді - оны ауыстырыңыз.

8. Қоршаған ортаны қорғау

- Қоршаған ортаны қорғаңыз.
- Бұл құрылғы қайта өңделетін бағалы материалдардан тұрады.
- Өтініміз, оларды арнайы пункттерге тапсырыңыз.



9. Жеткізілетін заттар

10. Қауіпсіз пайдалану



Төменде берілген А қосымшасын қараңыз:

- A.1.: Терең кесулер жасау
- A.2.: Диагональды аралауды жүзеге асыру
- A.3.: Кертіктерді аралау
- A.4.: Сыналарды аралау
- A.5.: Доға бойынша кесу
- A.6.: Арканы аралап кесу
- A.7.: Үлгі бойынша аралау
- A.8.: Дөңгелек кесулерді жасау
- A.8.1 Дайындамасыз баптау жұмыстарын жүргізіңіз
- A.8.2 Дайындаманы орнатыңыз
- A.8.3 Өңдеуді бастаңыз


А.1.: Терең кесулер жасау




А.2.: Диогональды аралауды жүзеге асыру




А.3.: Кертіктерді аралау




А.4.: Сыналарды аралау




А.5.: Доға бойынша кесу




А.6.: Арканы аралап кесу




А.7.: Үлгі бойынша аралау




А.8.: Дөңгелек кесулерді жасау
А8.1 Дайындамасыз баптау
жұмыстарын жүргізіңіз



А8.2 Дайындаманы орнатыңыз




А8.3 Өңдеуді бастаңыз



Деталировка ленточнопильного станка JWBS-9X

Деталювання для стрічково-пиляльного верстату JWBS-9X / JWBS-9X ленталы аралы станокқа арналған бөлшектеу



Список деталей ленточнопильного станка JWBS-9X

Перелік деталей для стрічково-пиляльного верстату JWBS-9X / JWBS-9X ленталы аралы станоктың бөлшектер тізімі

№	Артикул	Обозначение	Позначення	Белгі	Размер/ Розмір/ Көлемі	Кол-во/ Кількість/ Саны
1	JWBS9X-001	Болт	Болт	Бұрандама		2
2	JWBS9X-002	Нижняя дверца	Нижні дверцята	Төменгі есік		1
3	JWBS9X-003	Дверная петля	Дверна петля	Есік топсасы		4
4	JWBS9X-004	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x6	17
5	JWBS9X-005	Щетка	Щітка	Қылшақ		1
6	JWBS9X-006	Шайба	Шайба	Тығырық	5	21
7	JWBS9X-007	Винт	Гвинт	Бұранда	ST3.9x13	1
8	JWBS9X-008	Держатель двери	Утримувач дверей	Есік ұстағышы		1
9	JWBS9X-009	Дверная пружина	Дверна пружина	Есік серіппесі		1
10	JWBS9X-010	Гайка	Гайка	Сомын	M4	8
11	JWBS9X-011	Шайба	Шайба	Тығырық	4	30
12	JWBS9X-012	Прижим	Притискач	Қысқыш		2
13	JWBS9X-013	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x15	8
14	JWBS9X-014	Верхняя дверца	Верхні дверцята	Жоғарғы есік		1
15	JWBS9X-015	Смотровое окно	Оглядове вікно	Байқау терезесі		1
16	JWBS9X-016	Винт	Гвинт	Бұранда	ST4.2x6	1
17	JWBS9X-017	Защитный кожух	Захисний кожух	Қорғаныс қаптамасы		1
18	JWBS9X-018	Пружина	Пружина	Серіппе		1
19	JWBS9X-019	Винт	Гвинт	Бұранда	ST2.9x8	1
20	JWBS9X-020	Направляющая планка -В	Направляюча планка - В	В - бағыттаушы тақтайшасы		1
21	JWBS9X-021	Направляющая планка -С	Направляюча планка - С	С - бағыттаушы тақтайшасы		1
22	JWBS9X-022	Направляющая планка -А	Направляюча планка - А	А - бағыттаушы тақтайшасы		1
23	JWBS9X-023	Узел верхней направляющей	Вузол верхньої направляючої	Жоғарғы бағытауыштың буыны		1
24	JWBS9X-024	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x16	2
25	JWBS9X-025	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x12	3
26	JWBS9X-026	Штифт	Штифт	Штифт		4
27	JWBS9X-027	Кронштейн А	Кронштейн А	А кронштейні		1
28	JWBS9X-028	Болт	Болт	Бұрандама	M6x8	5
29	JWBS9X-029	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек	606	2
30	JWBS9X-030	Упорный штифт В	Упорний штифт В	В тіреуші штифті		2
31	JWBS9X-031	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x10	2
32	JWBS9X-032	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	5	12
33	JWBS9X-033	Разрезная шайба	Розрізна шайба	Кескінделетін тығырық	8	2
34	JWBS9X-034	Штифт	Штифт	Штифт		1
35	JWBS9X-035	Неподвижный блок	Нерухомий блок	Қозғалмайтын блок		1
36	JWBS9X-036	Гайка	Гайка	Сомын	M10	1
37	JWBS9X-037	Подвижный блок	Рухомий блок	Қозғалмалы блок		1
38	JWBS9X-038	Вал ведомого шкива	Вал веденого шківа	Жетектегі шкиф білігі		1
39	JWBS9X-039	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек	6002	4
40	JWBS9X-040	Пружинное кольцо	Пружинне кільце	Серіппелі шығыршық	26	4
41	JWBS9X-041	Ведомый шкив	Ведений шків	Жетектегі шкив		1
42	JWBS9X-042	Обрезиненная накладка	Прогумована накладка	Резеңкелі бастырма		2
43	JWBS9X-043	Кольцо	Кільце	Шығыршық	10	2
44	JWBS9X-044	Пильное полотно	Пиляльне полотно	Аралау кенебі		1
45	JWBS9X-045	Выключатель	Вимикач	Сөндіргіш		1
46	JWBS9X-046	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x10	11
47	JWBS9X-047	Коробка выключателя	Коробка вимикача	Сөндіргіш қорабы		1
48	JWBS9X-048	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x8	3
49	JWBS9X-049	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	4	3


50	JWBS9X-050	Клемма заземления	Клема заземлення	Жерге қосу клеммасы		2
51	JWBS9X-051	Шайба	Шайба	Тығырық	4	2
52	JWBS9X-052	Сигнал заземления	Сигнал заземлення	Жерге қосу дабылы		2
53	JWBS9X-053	Фиксатор	Фіксатор	Бекіткіш		1
54	JWBS9X-054	Шайба	Шайба	Тығырық	6	4
55	JWBS9X-055	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	6	4
56	JWBS9X-056	Винт	Гвинт	Бұранда	M6x12	3
57	JWBS9X-057	Вал приводного шкива	Вал приводного шківа	Жетек шкив білігі		1
58	JWBS9X-058	Приводное колесо	Приводне колесо	Жетек дөңгелек		1
59	JWBS9X-059	Приводной ремень	Приводний ремінь	Жетек белбеу		1
60	JWBS9X-060	Винт	Гвинт	Бұранда	ST4.9x10	3
61	JWBS9X-061	Приводной шкив	Приводний шків	Жетек шкив		1
62	JWBS9X-062	Фиксирующий штифт А	Фіксууючий штифт А	А бекіткіш штифті		1
63	JWBS9X-063	Кронштейн В	Кронштейн В	В кронштейні		1
64	JWBS9X-064	Нижний неподвижный блок	Нижній нерухомий блок	Төменгі қозғалмайтын блок		1
65	JWBS9X-065	Колпачковая гайка	Ковпачкова гайка	Қалпақшалы сомын	M6	4
66	JWBS9X-066	Шайба	Шайба	Тығырық	6	4
67	JWBS9X-067	Опора	Опора	Сүйеніш		4
68	JWBS9X-068	Болт	Болт	Бұрандама	M6x30	4
69	JWBS9X-069	Корпус	Корпус	Корпус		1
70	JWBS9X-070	Опора	Опора	Сүйеніш		1
71	JWBS9X-071	Болт	Болт	Бұрандама	M5x20	2
72	JWBS9X-072	Зажим	Затискач	Қысқыш		1
73	JWBS9X-073	Болт	Болт	Бұрандама	M6x16	4
74	JWBS9X-074	Гайка	Гайка	Сомын	M6	4
75	JWBS9X-075	Вытяжной штуцер	Витяжний штуцер	Тартқыш штуцер		1
76	JWBS9X-076	Механизм регулировки угла	Механізм регулювання кута	Бұрышты реттеу механизмі		1
77	JWBS9X-077	Пружина	Пружина	Серіппе		1
78	JWBS9X-078	Шайба	Шайба	Тығырық	8	11
79	JWBS9X-079	Болт	Болт	Бұрандама		1
80	JWBS9X-080	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x6	1
81	JWBS9X-081	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x10	9
82	JWBS9X-082	Индикатор	Індикатор	Индикатор		1
83	JWBS9X-083	Установочная втулка	Установча втулка	Орнатқыш төлке		2
84	JWBS9X-084	Регулирующий механизм	Регулюуючий механізм	Реттеуші механизм		1
85	JWBS9X-085	Установочная втулка А	Установча втулка А	А орнатқыш төлкесі		1
86	JWBS9X-086	Шайба	Шайба	Тығырық	8	2
87	JWBS9X-087	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
88	JWBS9X-088	Защитная щетка	Захисна щітка	Қорғаушы қылшақ		1
89	JWBS9X-089	Фиксирующая ручка	Фіксууюча ручка	Бекітуші тұтқасап		1
90	JWBS9X-090	Электрошнур	Електрошнур	Электрсымы		1
91	JWBS9X-091	Винт	Гвинт	Бұранда	M3X11	2
92	JWBS9X-092	Шайба	Шайба	Тығырық	3	2
93	JWBS9X-093	Фиксирующая пластина	Фіксууюча пластина	Бекітуші тілімше		1
94	JWBS9X-094	Зажим электрошнура	Затискач електрошнура	Электрсым қысқышы		1
95	JWBS9X-095	Гайка	Гайка	Сомын	M3	2
96	JWBS9X-096	Ручка микрорегулировки	Ручка мікрорегулювання	Микрореттеу тұтқасабы		1
97	JWBS9X-097	Пружина	Пружина	Серіппе		1
98	JWBS9X-098	Эксцентриковый вал	Ексцентриковий вал	Эксцентрикты білік		1
99	JWBS9X-099	Шайба	Шайба	Тығырық		1
100	JWBS9X-100	Установочная втулка В	Установча втулка В	В орнатқыш төлкесі		1
101	JWBS9X-101	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
102	JWBS9X-102	Ролик	Ролик	Аунақша		1
103	JWBS9X-103	Блок	Блок	Блок		1
104	JWBS9X-104	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x12	1
105	JWBS9X-105	Коробка	Коробка	Қорап		2
106	JWBS9X-106	Микровыключатель	Мікровимикач	Микросөндіргіш		2
107	JWBS9X-107	Винт	Гвинт	Бұранда	ST2.9x13	4
108	JWBS9X-108	Крышка	Кришка	Қақпақ		2

109	JWBS9X-109	Винт	Гвинт	Бұранда	ST3.2x6	4
110	JWBS9X-110	Болт	Болт	Бұрандама	M8x80	1
111	JWBS9X-111	Пружина	Пружина	Серіппе		1
112	JWBS9X-112	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
113	JWBS9X-113	Контргайка	Контргайка	Кідіртпе сомын	M4	1
114	JWBS9X-114	Нижняя табличка А	Нижня табличка А	А төменгі тақтайшасы		1
115	JWBS9X-115	Нижняя табличка В	Нижня табличка В	В төменгі тақтайшасы		1
116	JWBS9X-116	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x6	1
117	JWBS9X-117	Зажим	Затискач	Қысқыш		1
118	JWBS9X-118	Заглушка	Заглушка	Тығын		1
119	JWBS9X-119	Шайба	Шайба	Тығырық	3	1
120	JWBS9X-120	Шпилька	Шпилька	Бүрлі шеге		1
121	JWBS9X-121	Фиксирующая лапка	Фіксуяуча лапка	Бекітуші табанша		1
122	JWBS9X-122	Боковой упор	Боковий упор	Шеткі тірек		1
123	JWBS9X-123	Болт	Болт	Бұрандама	M6x15	2
124	JWBS9X-124	Соединительный штифт	З'єднувальний штифт	Біріктіруші штифт		1
125	JWBS9X-125	Квадратная шайба А	Квадратна шайба А	А төртбұрышты тығырығы		1
126	JWBS9X-126	Пружина	Пружина	Серіппе		1
127	JWBS9X-127	Подвижная зажимная лапка	Рухома затискаюча лапка	Қозғалмалы қысқыш табанша		1
128	JWBS9X-128	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x8	1
129	JWBS9X-129	Ручка шкалы угла наклона	Ручка шкали кута нахилу	Көлбеу бұрышы шкаласының тұтқасабы		1
130	JWBS9X-130	Шкала угла наклона	Шкала кута нахилу	Көлбеу бұрышының шкаласы		1
131	JWBS9X-131	Указатель	Показчик	Нұсқағыш		1
132	JWBS9X-132	Упор	Упор	Тірек		1
133	JWBS9X-133	Рабочий стол	Робочий стіл	Жұмыс үстелі		1
134	JWBS9X-134	Вкладыш	Вкладиш	Ендіріме		1
135	JWBS9X-135	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатушы бұранда	M3x8	1
136	JWBS9X-136	Стопорная гайка	Стопорна гайка	Бөгеткіш сомын		1
137	JWBS9X-137	Винт	Гвинт	Бұранда	M8x30	1
138	JWBS9X-138	Прокладка	Прокладка	Төсем		1
139	JWBS9X-139	Болт-барашек	Болт-баранчик	Қосқұлақ бұрандама	M6x15	1
140	JWBS9X-140	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	8	6
141	JWBS9X-141	Винт	Гвинт	Бұранда	M8x16	4
142	JWBS9X-142	Корпус шкалы	Корпус шкали	Шкала корпусы		1
143	JWBS9X-143	Крепежный болт	Кріпильний болт	Бекіткіш бұрандама	M6x15	2
144	JWBS9X-144	Ручка фиксации угла наклона стола	Ручка фіксації кута нахилу столу	Үстелдің көлбеу бұрышын бекіту тұтқасабы		1
145	JWBS9X-145	Пружина	Пружина	Серіппе		1
146	JWBS9X-146	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x20	2
147	JWBS9X-147	Шайба	Шайба	Тығырық	5	1
148	JWBS9X-148	Приводное колесо А	Приводне колесо А	А жетек дөңгелегі		1
149	JWBS9X-149	Двигатель	Двигун	Қозғалтқыш		1
150	JWBS9X-150	Винт	Гвинт	Бұранда	M8x20	2
151	JWBS9X-151	Толкатель	Штовхач	Итергіш		1
152	JWBS9X-152	Гаечный ключ	Гайковий ключ	Сомын кілті	4	1
153	JWBS9X-153	Гаечный ключ	Гайковий ключ	Сомын кілті	3	1
154	JWBS9X-154	Лампа	Лампа	Шам		1
155	JWBS9X-155	Шайба	Шайба	Тығырық	10	1
156	JWBS9X-156	Крепежная пластина	Кріпильна пластина	Бекітуші тілімше		1
157	JWBS9X-157	Гайка	Гайка	Сомын	M10x1	1
158	JWBS9X-158	Корпус выключателя лампы	Корпус вимикача лампи	Шам сөндіргішінің корпусы		1
159	JWBS9X-159	Выключатель	Вимикач	Сөндіргіш	HY17	1

Схема электрических соединений для ленточной пилы JWBS-9X

Схема електричних з'єднань для стрічково-пиляльного верстату JWBS-9X/ JWBS-9X Електр сызбасы

10000860M~220В, 50Гц





JPW Tools AG
Tämperlistrasse 5, CH-8117
Fällanden, Switzerland
www.jettools.com